ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
«ЗАЙСАН АУДАНДЫҚ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ
ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ЗАЙСАНСКИЙ РАЙОННЫЙ
ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И
СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ»
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

06 қаңтар 2026 жыл
Зайсан қаласы

№ 12-НҚ
город Зайсан

**Тікелей шарт жасасу арқылы
бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып
алуды жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының 16-бабы 3-тармағының 28,25,1) тармақшасына сәйкес міндеттемелердің уақтылы және үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатында **Бұйырамын:**

1. Осы бұйрықтың қосымшасында көрсетілген Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес жекелеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді тікелей сатып алу арқылы мемлекетті сатып алу жүзеге асырылсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Заңға сәйкес жауаптылықты өзіме қалдырамын.
3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бөлім басшысы **Ж.Б.Қинашева**

000267

2026 жылғы «05»қаңтардағы
№12 бұйрығына қосымша

№	Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің атауы	Әлеуетті жеткізушінің атауы	Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың бағасы (теңге)	Таңдау негізі Заңның 16-бабы 3-тармағы (тармақшаны көрсетіңіз)
1	Персонал/қызметкерлерді оқыту қызметі (мемлекеттік қызметшілер)	«ҚР-ның Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны *БСН 090240000429*	240600	25
2	Аз қамтылған отбасыларды Аудандық Достық газетіне жазу	Зайсан аудандық "Достық" газеті редакциясы ЖШС *БСН 080640003082*	1 000 000	28
3	Тіркелетін пошталық жөнелтімдерді жіберу бойынша қызметтер (ішкі және халықаралық)	"Қазпошта" АҚ Шығыс Қазақстан облыстық филиалы *БСН 991141001886*	30 000	25
4	Газды тасымалдау бойынша қызметтер	"QAZAQGAZ AIMAQ" акционерлік қоғамы *БСН 020440001144*	101 000	1
5	Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметтер	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ *БСН 160440007161*	229821,85	25
6	Атаулы әлеуметтік көмек көрсету бойынша әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы қызметтер	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес АҚ *БСН 160440007161*	236464,1	25
7	Ақпараттық/ескертпе/эвакуациялық және басқа да мақсаттардағы қабырғаларды/тақтайшаларды/жазбаларды дайындау жұмыстары	ИП МОЛДАШЕВА АЙСУЛУ МИШАЕВНА *БСН 600408400199*	100000	28
8	Жөндеу және жаңғырту	ИП Камзанов *БСН 700501301187*	200000	28
9	Автомобиль қозғалтқыштарына техникалық/сервистік қызмет көрсету бойынша қызметтер	ЖК "ШАЙМУХАМЕТОВ" *БСН 630228302502*	150000	28
10	Сатып алулар бойынша нормативтік құжаттар мен әдістемелерді жасау	"ЦЕНТР ПРОФИ КАЗАХСТАН" ЖШС *БСН 070240023910*	200000	28
11	Шиналарды орнату қызметтері, соның ішінде шиналарды ауыстыру, алу, орнату, монтаждау/демонтаждау, доңғалақтарды теңестіру	ЖК "Шаймухаметов" *БСН 630228302502*	50000	28
12	Жалпы энергиямен жабдықтау бойынша қызметтері	"Біріккен Энерго Сервистік Компаниясы" АО *БСН 990340002992*	483000	1

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымды болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтерде төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процестері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингттерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанатағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16 бабы, 1-тармағының, 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды

Бөлім басшысы **Ж.Б.Қинашева**